



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 6 сәуірдегі
№ ДС-38 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мәдениет саласының қызметкерлерінің жалақыларын көтеруге қатысты сауалдарыңыз қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет бюджет есебінен қамтылған жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды көп жылдар бойы кезең-кезеңімен қамтамасыз етіп, олардың еңбекақы төлеу деңгейін арттыруда.

Бұл ретте, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (бұдан әрі – Қаулы) сәйкес айқындалады.

2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің бірлік негізі» атты Жолдауда Мемлекет басшысы азаматтық қызметшілердің (мәдениет, архив ісі ұйымдары, кітапханашылар жұмыскерлері, техникалық қызметкерлер және басқалары) жекеленген санаттарының жалақысын 2022 жылдан бастап 2025 жыл аралығында орташа есеппен жыл сайын 20%-ға арттыруды тапсырды.

Соның негізінде 2022 жылдан бастап мәдениет және архив саласындағы 65 мыңнан аса қызметкердің жалақысы орта есеппен 23%-ға өсті.

Мәселен, мәдениет саласындағы негізгі қызметкерлердің орташа жалақысы 2022 жылы 165,4 мың теңге болса, биылғы жылы бұл сома 195,0 мың теңгені құрайды. 2024 жылдан бастап бұл көрсеткіш 230,0 мың теңге және 2025 жылы 294 мың теңгені құрайды деп күтілуде.

Сондай-ақ, мәдениет ұйымдарындағы әкімшілік және көмекші қызметкерлердің орташа жалақысы 2022 жылы тиісінше 106,1 мың теңге мен 74,7 мың теңгені құрады, ол жыл сайын 20%-ке өсетін болады.

Сонымен қатар, Қаулының 5 тармағының 3 тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджет қаражаты есебінен қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемақылар белгілеу құқығы көзделген.

Мәселен, 2021 жылы Астана қаласы бойынша жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, мәдениет ұйымдарының мемлекеттік сатып алу бойынша маман-менеджерінің (С блогы) жалақысы 82,3 мың теңге болса, 2022 жылғы 7 маусымда 117,3 мың теңгені құрап, а.ж. 1 мамырдан бастап 146,5 мың теңгені құрайды.

Техникалық орындаушы-кассирдің жалақысы (D блогы) 2021 жылы 64,0 мың теңге болса, 2022 жылғы 7 маусымда 99,6 мың теңгені құрап, а.ж. 1 мамырдан бастап жалақысы 151,9 мың теңгені құрайды.

Қызметтік жайларды тазалаушының жалақысы (жұмысшылар персоналы) 2021 жылы 63,2 мың теңге болса, 2022 жылғы 7 маусымда 88,6 мың теңгені құрап, а.ж. 1 мамырдан бастап жалақысы 133,3 мың теңгені құрайды.

Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен мәдениет саласындағы қызметкерлердің жалақылары жүйелі түрде кезең-кезеңмен артатын болады.

Аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Көлгінов

*Орынд.: А. Рахимова
тел.74-53-47*